


2018 жылғы баға ауыл шаруашылығы өніміне 7,8% өсті. 2018 жылғы өсімдік шаруашылығы өнімі 9,1%, мал шаруашылығы өнімі - 5,3% қымбаттады.

### Жүк көлігі, пошталық және курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтерінің өзгеруі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға, өсуі +, төмендеуі -



### Құрылыстағы баға индексі


кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

	2014	2015	2016	2017	2018
Құрылыстағы баға индексі	104,4	102,8	104,7	105,0	103,9
Құрылыс-монтаж жұмыстары	104,5	102,9	104,6	105,4	104,2
Машиналар мен жабдықтар	104,5	101,2	103,4	102,5	102,5
Өзге де жұмыстар мен шығындар	103,9	105,4	105,8	105,6	104,0

2018 жылы құрылыстағы баға индексі 103,9%, сатып алынған құрылыс материалдары бағасының индексі – 100,6% құрады.

### Тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі

өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -



### Сізге толығырақ ақпарат қажет пе?

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсынан таба аласыз.

«Қазақстан Республикасындағы тұтыну нарығындағы баға», «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптегі баға», «Қазақстан Республикасындағы ауыл, орман және балық шаруашылығындағы баға», «Қазақстан Республикасындағы құрылыстағы және өндіріс саласындағы көрсетілетін қызметтердің бағасы», «Қазақстан Республикасындағы көтерме және сыртқы сауда бағасы» статистикалық жинақтары «Ресми статистика/Жарияланымдар» бөлімінде орналастырылған.

Әр түрлі салыстыру кезеңдерімен: өткен айға, өткен жылғы желтоқсанға, өткен жылғы тиісті айға, өткен жылғы тиісті кезеңге, анықталған базалық кезеңге, сондай-ақ тоқсанға орташа, жартыжылдыққа және жылға, экономиканың барлық секторларындағы баға және тарифтердің өзгеруі туралы ағымдағы статистикалық ақпараттары бар жедел ақпараттар, сондай-ақ айлық және тоқсандық бюллетендерді «Ресми статистикалық ақпарат/Баға және тарифтер/Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер)» бөлімінен таба аласыз.

### Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Баға статистикасы басқармасына хабарласыңыз:

**Эмма Нариманқызы Тлепбергенова**  
Басқарма басшысының міндетін атқарушы  
Тел. +7 7172 749519  
E-mail: [em.tlepbergenova@economy.gov.kz](mailto:em.tlepbergenova@economy.gov.kz)  
Тел. +7 7172 749265  
+7 7172 749519  
+7 7172 749533

### Біздің мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 010000  
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 8  
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс  
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011  
Факс: +7 7172 749546  
E-mail: [kazstat.rk@gmail.com](mailto:kazstat.rk@gmail.com)  
Интернет-ресурсы: <http://stat.gov.kz>  
Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## Баға статистикасы



### Сіз білесіз бе...

- 2018 жылғы желтоқсанда Еуропа одағы елдерінің ортасында АИ-95 бензиннің 1 литріне ең жоғары бағасы Нидерландыда, Италияда – 1,52 евро, Грецияда – 1,51 евро, Данияда – 1,50 евро белгіленді. Бұл Қазақстандағы ұқсас маркалы бензиннен төрт есе қымбат. Анықтама үшін: 2018 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасында АИ-95 бензинінің 1 литрінің орташа бағасы 175,29 теңгені құрады.
- 2018 жылғы желтоқсанда әлемдік нарықта бидайдың бағасы бір тоннасына 215 долларды құрады, ал Қазақстанның ішкі нарығында оны 117 доллардан өткізген.

Қазақстан Республикасында баға статистикасы 20-дан көп негізгі индекстер бар, олардың әрқайсысы қабылданған стандартты жіктелімдеріне сәйкес бөлінген.

Баға статистикасының көрсеткіштері нарықтық экономиканың жай-күйін, баға өзгерісінің халықтың тұрмыс деңгейі мен іскерлік белсенділігіне әсерін бағалау үшін қолданылады.

Тұтыну бағасының индексі – жеке тұтыну үшін халықтың сатып алған тауарлар мен қызмет көрсетулердің тіркелген жиынтығы бойынша бағалардың орташа деңгейінің әр уақыттағы өзгерісін сипаттайды. Бұл көрсеткіш инфляция деңгейін анықтайды.

Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі – республиканың өнеркәсіптік кәсіпорындарымен шығарылған дайын өнеркәсіптік өніміне және олармен көрсетілген өнеркәсіптік сипаттағы қызметтерге баға өзгерісін сипаттайды.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімін өткізу бағасының индексі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер өндірген және олар өткізудің әр түрлі арналары бойынша өткізген өнімнің іріктелген түрлеріне бағаның өзгерісін сипаттайды.

Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдер бағасының индексі республикада шығарылатын және басқа елдерге экспортталатын тауарлар бағасының өзгерісін сипаттайды.

Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі республика қажеттілігіне дүниежүзілік қауымдастық елдерінен сатып алынған өнімдерге бағаның өзгерісін сипаттайды.

Құрылыстағы баға индексі құрылыс өндірісінің барлық кезеңдерінде: құрылыс-монтаждау жұмыстары, машиналар және құрал-жабдықтар, өзге де жұмыстар мен шығындарда қолданылатын материалдық-техникалық ресурстарға бағаның өзгеруін сипаттайды.

Тұрғын үй нарығындағы бағалар индексі жылжымайтын мүлік объектілерін сату мен жалға беру бағаларының өзгеруін сипаттайды.

Жүк тасымалдау тарифтерінің индексі көліктің әртүрлі түрлерімен (теміржол, құбыр, ішкі су, автомобиль, әуе) жүк тасымалдау бойынша қызметтерге тарифтердің өзгерісін сипаттайды.

Пошталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі заңды тұлғаларға көрсетілген пошталық и курьерлік қызметтері тарифтерінің өзгеруін сипаттайды.

Байланыс қызметтері тарифтерінің индексі заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің уақытпен өзгеруін сипаттайды.

### Экономиканың секторлары бойынша баға және тарифтер индексі

кезең соңына пайызбен


	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Өткен жылғы желтоқсан = 100</b>					
Тұтыну бағасының индексі	107,4	113,6	108,5	107,1	105,3
Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі	98,4	95,2	115,5	117,6	112,4
Құрылыстағы баға индексі	104,4	102,8	104,7	105,0	103,9
Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі	113,3	102,7	107,5	102,6	107,8
Тауарлардың, өнімдердің экспорттық жеткізілімдер бағасының индексі*	92,3	73,5	109,4	121,2	113,8
Тауарлардың, өнімдердің импорттық түсімдер бағасының индексі*	104,8	89,0	116,4	106,8	107,9
<b>2010 жылғы желтоқсан = 100</b>					
Тұтыну бағасының индексі	128,0	145,5	157,8	168,9	177,9
Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі	120,3	114,5	132,3	155,5	174,8
Құрылыстағы баға индексі	119,0	122,2	127,9	134,3	139,5

	2014	2015	2016	2017	2018
Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі	126,8	130,3	140,0	143,6	154,8

\* 2016 жылдан бастап экспорттық жеткізілімдер, импорттық түсімдер бағасының индекстері теңгемен (өткен жылдары – АҚШ долларымен) көрсетілген сыртқы сауда мәмілелері бағасының өзгерісін сипаттайды.

### Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтерге бағаның өзгеруі

өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі



2018 жылы республикада инфляция 5,3%-ды құрады. Баға азық-түлік емес тауарларына 6,4%, азық-түлік тауарларына – 5,1%, халыққа арналған ақылы көрсетілетін қызметтерге – 4,5% өсті.

### Тұтыну бағасының индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

	2014	2015	2016	2017	2018
Тұтыну бағасының индексі	107,4	113,6	108,5	107,1	105,3
Тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындар	107,4	110,4	109,7	106,2	104,8
Алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдері	113,5	115,6	109,2	110,3	110,2
Киім және аяқ киім	107,6	132,9	109,0	108,0	107,8
Тұрғын үйлік қызметтер, су, электр энергиясы, газ және өзге де отынның түрлері	106,4	108,7	106,9	107,9	103,2
Үй тұрмысына қажетті заттар	109,4	124,7	109,4	106,1	106,6
Денсаулық сақтау	112,4	122,6	114,0	107,1	107,1
Көлік	106,1	107,0	107,6	111,3	104,6
Байланыс	100,0	106,8	100,9	100,9	104,1
Демалыс және мәдениет	106,8	113,1	106,6	106,3	106,3
Білім беру	105,3	104,5	106,6	103,8	104,6
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	110,6	111,8	107,0	105,8	105,7
Әртүрлі тауарлар мен қызметтер	110,0	113,6	109,1	106,0	106,6

### 2018 жылғы тұтыну бағасының индексі

өткен жылғы желтоқсанға пайызбен




### Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) баға индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

	2014	2015	2016	2017	2018
Өнеркәсіптік сипаттағы көрсетілген қызметтер қоса алғанда өнеркәсіп өнімдері	98,4	95,2	115,5	117,6	112,4
Өндірілген өнім	97,6	93,9	116,8	118,8	112,9
Өндіріс құралдары	108,0	121,5	107,0	122,3	104,1
Аралық тұтыну өнімі	96,0	91,1	118,2	121,6	114,4
Тұтыну тауарлары	107,9	107,0	111,0	103,4	103,6
Өндірістік сипаттағы қызметтер	108,4	109,9	103,6	106,9	106,7

### Өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіптік өнімдерінің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасының өзгеруі

өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі



2018 жылда өнеркәсіптік өнімдерін (тауарларын, көрсетілетін қызметтерді) өндіруші кәсіпорындар бағасы - 12,4%, кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда - 16,3%, өңдеу өнеркәсібінде 8,8% жоғарылады.

### Ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

	2014	2015	2016	2017	2018
Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі	113,3	102,7	107,5	102,6	107,8
Өсімдік шаруашылығы өнімі	120,8	103,0	106,1	103,3	109,1
Дәнді дақылдар	122,2	103,4	106,9	99,4	114,1
Көкөністер	121,7	101,0	94,1	111,3	96,2
Картоп	122,5	91,6	97,7	124,2	85,9
Мал шаруашылығы өнімі	102,4	102,3	109,4	100,9	105,3
Мал мен құс	105,0	99,9	106,7	102,6	103,9
Шикі сүт	110,3	94,6	110,4	108,1	105,9
Жұмыртқа	78,5	124,5	119,0	84,6	112,9
Орман шаруашылығы өнімі мен көрсетілетін қызметтеріне баға индексі	101,8	101,3	107,5	105,3	100,9
Балық аулау және акваөсіру өнімінің баға индексі	105,1	104,2	106,1	106,9	112,2